

Қаралды:
Рассмотрено:
на заседании МО
қаулы №2
Протокол № 2
«23» 08.2024 г.

Келісемін:
Согласовано:
Зам.директора по ВР
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
Рахматулина А.Т.
«23» 08. 2024 г.

Бекітемін:
Утверждаю:
Директор
А.Ж. Сыздыкова
«23» 08. 2024 г.



«Футбол» үйірмесінің Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Дене шынықтыру пәні мұғалімі:

Ерболат Онғарсын

КГУ «Общеобразовательная школа село Айнаколь»

2024-2025 год.

Түсінік хат

Футбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын ойнай береді. Сондықтан да, футбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның кординациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласынан тартып алу, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты қарсыласынан алдап өту т.б. Демек адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бір түрі.

Бағдарлама 6-14 жас аралығындағы балаларға арналған.

Бағдарламаның тиімділігі – уақыт талабымен сәйкес. Жеке тұлғаның қозғалыс кординатасын жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, футболды үйретудің құрылымы мен мазмұны ойын барысында жылдамдық пен нақты қозғалыты ныңайтуға бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді. Сабактан тыс білім беру жүйесінде футболды үйрету жүйесі оқушылардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып, оның әр түрлі қимылдары мен жылдамдықтары түрлі қарқында дамуына бағытталады

Бағдарламаның ерекшелігі оқушыларды топтастыру арқылы ұжымдық білім беруге бағытталғандығында. Ол бағдарламаға енгізілген негізгі екі бағыт алады. Алдымен әр футбол ойнаушының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеуде, екіншіден әр тәрбиеленушінің өмірге көзқарасы, жағдаяттарды шеше білуі есепке алынады. Баланың жеке қасиеттерін табиғи, физикалық және психологиялық қасиеттерін білуді талап етеді.

Бағдарламаның жаңалығы. Оқушы ойын үрдісі кезінде жоғары эмоциялы үлкен қуанышқа бөленіп, қанағат алады. Дене тәрбиесі жүйесінде баскетбол ойынының маңызы зор. Зерттеу әдісін қолдануында (футболдың шығу тарихы туралы рефераттар мен баяндамалар жазуында), мектептің материалдық жағдайын ескере отырып оқу-тақырыптық жоспарын құру.

Бағдарламаның мақсаты : Денсаулығы мықты, ұжымға ұйымдастыру қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол, нақты қозғалыс кординациясы қалыптасқан, жылдам, өз бетінше шешім қабылдай алатын жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері:

Білім беру:

- Футболдың шығу тарихымен таныстыру;
- Ойын ережелерін үйрету;
- Оқушыларға футбол ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру.

Жетілдіру:

- Тұлғаның жылдамдық қозғалысын, есте сақтауын, орнықтылығын және басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру;
- Төзімділігін, өз өзіне және қарсыласына сынмен қарауын;
- Топтық жұмысты ұйымдастыру және сыныпта ынтымақтастық атмосферасын құруды, оны іс жүзінде қолдануды жетілдіру.

Тәрбиелік:

- Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру;
 - Топта ұйымшылдыққа және өзін өзі тәртіпке салуға тәрбиелеу;
 - Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге.
- Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білуі қалыптасады.

Оқушылардың пәндік құзырлылығы:

1. Техникалық, оқушылардың

- Жаттығу ойындарында, мектепішілік, аудандық футбол сайыстарына қатысуында;
- Ойын барысында футбол ережелері мен стратегиялары қалыптасатын іс әрекеттері.

2. Интеллектуалдық, оқушылардың

- Ойынға сараптама жасауымен;
- Арнайы әдебиеттерді оқуымен;
- Үздік ойыншылардың ойындарын қарап талдауымен қалыптасатын іс әрекеттері.

Апталық жүктеме аптасына 1 сағаттан /34 сағат.

Оқу тобында 10-18 оқушы болады.

Футбол үйірмесінің жоспары

	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Қайталау
1	Футбол ойынның сипаттамасы, ережесі, пайда болу және даму тарихы. Футбол ойнау кезінде қауіпсіздік ережелері.	1	05.09.2024	
2	Футболдың шығу тарихы	1	12.09.2024	
3	Футбол ойынына қойылатын гигиеналық талаптар	2	19.09.2024 26.09.2024	
4	Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау	2	03.10.2024 10.10.2024	
5	Ойынның негізгі ережелері	2	17.10.2024 24.10.2024	
6	Ойыншының тұрысы	2	07.11.2024 14.11.2024	
7	Алаңда бір-біріне пас беріп ойнау	2	21.11.2024 28.11.2024	
8	Алаңда кедергілер арасымен допты алып жүру	2	05.12.2024 12.12.2024	
9	Ауыттан допты тастап үйрену	2	19.12.2024 26.12.2024	
10	Айып добын тебуді үйрену	2	09.01.2025 16.01.2025	
11	Доппен алдап өту тәсілдері	2	23.01.2025 30.01.2025	
12	Допты тоқтату тәсілдері	2	06.02.2025 13.02.2025	
13	Аяқ ұшымен тебу	2	20.02.2025 27.02.2025	
14	Өкшемен тебу	2	06.03.2025 13.03.2025	
15	Допты баспен ұру түрлері	1	20.03.2025	
16	Шекемен ұру	1	03.04.2025	
17	Секіріп шекемен ұру	1	10.04.2025	
18	Баспен ұру	1	17.04.2025	
19	Допты қақпаға дұрыс бағыттау	1	24.04.2025	
20	Допты тартып алу тәсілдері	1	08.05.2025	
21	Допты тоқтату тәсілдері	1	15.05.2025	
22	Қақпашының допты ойынға қосуы	1	22.05.2025	
Барлығы:		34		